

## Жапония Үкіметінің займын тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 9 шілде N 324

1996-1998 жылдарға арналған халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) және донор елдердің займдарын тарту есебінен қаржыландыру ұсынылған, басым инвестициялық бағдарламалар мен жобалар тізбесіне қосылған Ақмола қаласындағы халықаралық әуежай, құрылысының жобасы бойынша Жапония Үкіметінің займын (ОЕСФ) тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қанапиянов С.М. - Үкімет Аппараты Сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі, топ жетекшісі

Жиленков С.В. - Үкімет Аппарат Заң бөлімінің меңгерушісі

Оразбақов Ғ.І. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің орынбасары

Омаров К.О. - Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары

Якубаев Э.М. - Үкімет Аппараты Сыртқы байланыстар бөлімінің консультанты

Дүсіпов Ш.А. - Қазақстан Республикасы Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы аппаратының аға референті

Демин А.Б. - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басқарма бастығы

Илеуов А.Т. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетінің басқарма бастығының орынбасары

Котляров С.В. - "Ақмолақұрылысинвест" коммерциялық

құрылыс салу компаниясы  
басқармасының төрағасы

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан Жапония Үкіметінің займы (ОЕСФ) бойынша займшы болып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің және Ақмола облысы әкімінің "Ақмолақұрылысинвест" коммерциялық құрылыс салу компаниясын тапсырысшы және займшы ретінде тарту туралы ұсынысы қабылдансын.
4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жобаның ТЭН-ін әзірлеуге техникалық тапсырма берсін.
5. Жапония Үкіметінің займын тарту және жобаны жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі беріліп отырған шаралар жоспары бекітілсін.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі Төралқасының 1996 жылғы 9 сәуірдегі мәжілісінде мақұлданған (10 хаттама) 1996-1998 жылдарға арналған және халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) және донор елдердің займдарын тарту есебінен қаржыландыру ұсынылған Басым инвестициялық бағдарламалар мен жобалар тізбесіне мынадай өзгертулер

енгізілсін:

2, 3-бағандардағы "Ақмола қаласындағы әуежайды қайта жаңарту және "Қазақстан әуе жолы" ҰАК" сөздері тиісінше "Ақмола қаласындағы халықаралық әуежайдың құрылысы" және "Ақмолақұрылысинвест" коммерциялық құрылыс салу компаниясы" сөздерімен ауыстырылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
1996 жылғы 9 шілдедегі  
N 324 өкімімен  
бекітілген

Жапония Үкіметінің займын тарту жөніндегі шаралар және Ақмола қаласындағы халықаралық әуежай құрылысының жобасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

## Жоспары

N   р/с	Шаралар	Орындалу   мерзімі	Орындаушы
1	2	3	4
1.	Жапония Үкіметін дипломатиялық арналар бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ОЕСҒ займын 1997 жылы Ақмола қаласындағы халықаралық әуежай құрылысының жобасын жүзеге асыру үшін пайдалану ниеті туралы хабарландыру	1996 жылғы шілде	Жұмыс тобы, Сыртқыісмині
2.	Жоба бойынша қажетті инженерлік-ізвестіру жұмыстарды жүргізуі және ТЭН әзірлеу кезінде пайдалануы үшін материалдар әзірлеу	-""-	"Ақмолақұрылыс. инвест" ҚКК
3.	ТЭН әзірлеуге техникалық тапсырма әзірлеу және оны тапсырысшыға беру	-""-	Көліккоммині
4.	Жапон сарапшыларымен консультацияларға материалдар әзірлеу. Жергілікті жерлердегі сарапшылар жұмысына жәрдемдесу	-""- инвест"	"Ақмолақұрылыс. ҚКК, жұмыс тобы
5.	Жоба бойынша тиісті келісулер өткізіп, министрліктер мен ведомстволардың қорытындысын алу	1996 жылғы шілде-тамыз	"Ақмола. құрылысинвест" ҚКК, Ақмола облысының әкімі, Құрылысмині, Экобиоресурс. міні және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволар
6.	Құрылыс салушыға аудиторлық тексеру жүргізу және жоба бойынша кепілдеме беру тетігін қоса жобаны қаржыландыру	1996 жылғы тамыз - қыркүйек	Қаржымині, Шетелкапитал. пайдаланукомы,

- және қоса қаржыландыру сызбасын әзірлеу "Ақмола.  
құрылыс инвест  
ҚКК
7. Жапония Үкіметінен займ алу мәселесін -""- Қаржымині,  
қараудың алдын ала нәтижелері бойынша, жұмыс тобы  
ОЕСФ өкілдерімен келіссөздер жүргізу
8. Ақмола қаласындағы әуежай құрылысына 1996 жылғы Тендер  
тендер өткізу шарты бойынша ұсыныс шілде комиссиясы,  
әзірлеу және тендер ұйымдастыру жұмыс тобы
9. Ақмола қаласындағы әуежай құрылысы 1996 жылғы бұл да сол  
бойынша тендер өткізуді аяқтау IV тоқсан
10. Жоба бойынша бас мердігермен өзара -""- Жұмыс тобы  
түсіністік туралы меморандум әзірлеу
11. Ақмола қаласындағы халықаралық 1997 жылғы бұл да сол  
әуежай құрылысы бойынша инвестициялық I тоқсан  
жобаны жүзеге асыру туралы Үкімет  
шешімінің жобасын әзірлеу
12. Ақмола қаласындағы әуежай құрылысының 1997 жыл бұл да сол  
жобасы бойынша Қазақстан Республикасы  
мен ОЕСФ арасында займ туралы келісім  
әзірлеу